

2. Vining EP. Pediatric seizures. *Emerg Med Clin North Am* 1994;12(4):973 – 88.
3. Marla J. Friedman, Ghazala Q. Sharieff, Seizures in Children, *Pediatr Clin N Am* 53 (2006) 257 – 277. <https://doi.org/10.1016/j.pcl.2005.09.010>.
4. Jaxybayeva A, Nauryzbayeva A, Abilkhadirova A., Takhanova M., Khamzina A., Rybalko A., Jamanbekova K. Genomic Investigation of Infantile and Childhood Encephalopathies in Kazakhstan: an Urgent Priority, 2021, *Front. Neurol.* <https://doi.org/10.3389/fneur.2021.639317>
5. Fine, A., & Wirrell, E. C. (2020). Seizures in Children. *Pediatrics in Review*, 41(7), 321–347 <https://doi.org/10.1542/pir.2019-0134>.
6. Pohlmann-Eden B, Beghi E, Camfield C, Camfield P. The first seizure and its management in adults and children. *BMJ*. 2006;332(7537):339- 342. <https://doi.org/10.1136/bmj.332.7537.339>.
7. Annegers JF, Grabow JD, Groover RV, et al. Seizures after head trauma: a population study. *Neurology*. 1980;30(7 Pt 1):683-689. <https://doi.org/10.1136/bmj.332.7537.339>
8. Annegers JR, Hauser WA, Beghi E, Nicolosi A, Kurland LT. The risk of seizures after encephalitis and meningitis. *Neurology*. 1988;38(9):1407- 1410. <https://doi.org/10.1212/wnl.38.9.1407>.
9. Chelse, A. B., Kelley, K., Hageman, J. R., & Koh, S. (2013). Initial Evaluation and Management of a First Seizure in Children. *Pediatric Annals*, 42(12), e253–e257. <https://doi.org/10.3928/00904481-20131122-08>.
10. Papageorgiou, V., Vargiami, E., Kontopoulos, E., Kardaras, P., Economou, M., Athanassiou-Mataxa, M., Zafeiriou, D. I. (2015). Association between iron deficiency and febrile seizures. *European Journal of Paediatric Neurology*, 19(5), 591–596. <https://doi.org/10.1016/j.ejpn.2015.05.009>
11. Jang, H. N., Yoon, H. S., & Lee, E. H. (2019). Prospective case control study of iron deficiency and the risk of febrile seizures in children in South Korea. *BMC Pediatrics*, 19(1). <https://doi.org/10.1186/s12887-019-1675-4>
12. Shinnar S, Berg AT, O'Dell C, et al. Predictors of multiple seizures in a cohort of children prospectively followed from the time of their first unprovoked seizure. *Ann Neurol*. 2000;48(2):140-147
13. Gaillard WD, Chiron C, Cross JH, et al. Guidelines for imaging infants and children with recent-onset epilepsy. *Epilepsia*. 2009;50(9):2147-2153. <https://doi.org/10.1111/j.1528-1167.2009.02075.x>.
14. Improving diagnosis and broadening the phenotypes in early-onset seizure and severe developmental delay disorders through gene panel analysis. Natalie Trump, Amy McTague, Helen Brittain, Apostolos Papandreou, Esther Meyer, Adeline Ngoh, Rodger Palmer, Deborah Morrogh, Christopher Boustred, Jane A Hurst, Lucy Jenkins, Manju A Kurian, and Richard H Scott. *J Med Genet*. 2016 May; 53(5): 310–317. <https://doi.org/10.1136/jmedgenet-2015-103263>.
15. Hirtz D, Berg A, Bettis D, et al. Practice parameter: treatment of the child with a first unprovoked seizure. *Neurology*. 2003;60(2):166-175. <https://doi.org/10.1212/01.wnl.0000033622.27961.b6>.
16. Chadwick DW. The treatment of the first seizure: the benefits. *Epilepsia*. 2008;49(Suppl. 1):26-28. <https://doi.org/10.1111/j.1528-1167.2008.01446.x>.
17. Epilepsies in children, young people and adults. NICE guideline [NG217] Website. [Cited 27 April 2020]. Available from URL: <https://www.nice.org.uk/guidance/ng217>
18. Dunkley C, Cross JH. NICE guidelines and the epilepsies: how should practice change? *Arch Dis Child* 2006;91:525–528. <https://doi.org/10.1136/adc.2005.080036>
19. International League Against Epilepsy Guidelines Website. Available from URL: <https://www.ilae.org/guidelines>
20. Dougherty, D.; Duffner, P.K.; Baumann, R.J.; Berman, P.; Green, J.L.; Schneider, S.; Hodgson, E.S.; Glade, G.B.; Harbaugh, N.; McInerney, T.K.; et al. Febrile seizures: Clinical practice guideline for the long-term management of the child with simple febrile seizures. *Pediatrics* 2008, 121, 1281–12. <https://doi.org/10.1542/peds.2008-0939>.

УДК 616:376

**ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚЫЗМЕТ ЕТУ, ТІРШІЛІК ӘРЕКЕТІНІҢ ШЕКТЕЛУІ ЖӘНЕ  
ДЕНСАУЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖІКТЕМЕСІН (МКФ)  
ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҢАЛТУДА ҚОЛДАНУ**

Дунгулова Р.С.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ, түзету-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі

### Түйіндеме

Оңалту тәжірибесінде функционалды қызмет ету, тіршілік әрекетінің шектелуі және денсаулық көрсеткіштерінің халықаралық жіктемесі (МКФ) оңалту диагнозын белгілеу және оңалту мақсатын тұжырымдау, сондай-ақ оңалтудың негізгі принциптерін іске асыру үшін қолданылады. Оңалту іс-шараларын жоспарлау барысында педагогтар мен медицина мамандарының өзара тиімді жұмыс істеуі үшін МКФ емделушінің барлық қажеттіліктерін сипаттауда негізгі көмек құралы болып табылады. Балаларды Оңалтудың Ұлттық Орталығында реабилитолог-педагог мамандар осы жіктемені балалармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру барысында тиімді пайдалануда. Бұл мақалада педагог-реабилитологтер мультидисциплинарлы команданың бөлігі ретінде әлеуметтік-педагогикалық оңалтуда МКФ-ты қалай қолданатыны қарастырылады. Сондай-ақ, командалық бағалау кестесін толтыру мысалы келтірілген.

**Түйін сөздер:** функционалды қызмет ету, тіршілік әрекетінің шектелуі және денсаулық көрсеткіштерінің халықаралық жіктемесі, мультидисциплинарлы команда, кодтар, домендер, реабилитолог.

## ПРИМЕНЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ, ОГРАНИЧЕНИЙ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ЗДОРОВЬЯ (МКФ) В СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РЕАБИЛИТАЦИИ

Дунгулова Р.С.

Заведующий коррекционно-методическим отделом НАО НЦДР

### Резюме

В практике реабилитации международная классификация функционирования ограниченной жизнедеятельности и здоровья (МКФ) применяется для установки реабилитационного диагноза и формулировки цели реабилитации, а также для реализации базовых принципов реабилитации. При планировании реабилитационных мероприятий для эффективной работы педагогов и медицинских специалистов МКФ является неотъемлемым помощником, который помогает описать все нужды пациентов. В Национальном центре детской реабилитации педагоги-реабилитологи эффективно применяют данную классификацию в организации коррекционной работы с детьми. В данной статье рассматривается как педагоги-реабилитологи в составе мультидисциплинарной команды применяют МКФ в социально-педагогической реабилитации. Также приведен пример заполнения таблицы Командной оценки.

**Ключевые слова:** Международная классификация функционирования, ограниченной жизнедеятельности и здоровья, мультидисциплинарная команда, коды, домены, реабилитолог.

## USING THE INTERNATIONAL CLASSIFICATION OF FUNCTIONING, DISABILITY AND HEALTH (ICF) IN SOCIAL AND PEDAGOGICAL REHABILITATION

Dungulova R.S.

Head of the Correctional and Methodological Department of the "National Center for Children's Rehabilitation", Astana, Kazakhstan

### Abstract

The International Classification of Functioning, Disability and Health (ICF) which is recognized all over the world is now used in Kazakhstan. In rehabilitation practice, the ICF is used to establish a rehabilitation diagnosis and formulate the goal of rehabilitation, as well as to implement the basic principles of rehabilitation. Rehabilitation specialists at the National Center for Children's Rehabilitation effectively use this classification in the organization of corrective work with children. When planning rehabilitation measures for effective work of pedagogues and medical specialists, ICF is an indispensable assistant which helps to describe all the needs of patients.

**Keywords:** International Classification of Functioning, Disability and Health, multidisciplinary team, codes, domains, rehabilitologist, violations, rehabilitation plan.

**Корреспондент-автор:** Дунгулова Раиса, Заведующий коррекционно-методическим отделом НАО  
НЦДР, Астана, Казахстан

Адрес: Туран 36

Контактный телефон: +7 777 672 41 93

E-mail: [aisa\\_04\\_68@mail.ru](mailto:aisa_04_68@mail.ru)

### Кіріспе

Функционалды қызмет ету, тіршілік әрекетінің шектелуі және денсаулық көрсеткіштерінің халықаралық жіктемесі (МКФ) Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымында жасалып, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ассамблеясының 54 сессиясында 191 елдің ресми мақұлдауымен денсаулық көрсеткіштерін және мүгедектікті сипаттау мен өлшеу стандарты ретінде 2001 жылдың 22-мамырында қабылданды. Функционалды қызмет ету, тіршілік әрекетінің шектелуі және денсаулық көрсеткіштерінің халықаралық жіктемесі әлем мамандары таныған денсаулық және оған байланысты факторлардың жіктемесі ретінде медициналық оңалту саласында қолдануға ұсынылған. Функционалды қызмет ету - бұл барлық дене функцияларының толыққанды жұмысы және дененің барлық анатомиялық бөліктерінің болуы ғана емес, сонымен қатар қоршаған орта факторларымен және науқастың жеке факторларымен байланысты адам әрекеті.

Денсаулықтың құрамдас бөліктерінің құрамына мына категориялар кіреді:

- Ағза функциялары (b) - ағза жүйелерінің физиологиялық қызметі (психикалық функциялармен қоса);
- Белсенділік (d) - индивидтің іс-қимылды не міндеттерді орындауы;
- Қатысуы –индивидтің «қоғам өміріне араласуы»; (мыс: еңбек етуі; туыстарымен, достарымен қарым-қатынасы);
- Іс-қимыл әрекеті (мыс: жүру, киіну, компьютермен жұмыс істеу);
- Қоршаған орта факторлары (e) - адамдардың өмір сүру ортасы, физикалық және әлеуметтік жағдай жасау;
- Ағзаның құрылымы (s) – ағзаның анатомиялық құрылымы.[1]

**Жұмыс мақсаты.** Бұл мақалада Ұлттық балалар оңалту орталығында әлеуметтік-педагогикалық оңалту саласында қызмет ететін педагог мамандардың МКФ-ті жұмыс барысында қолдану тәжірибесі жайлы баяндалады. МКФ – көп салалы оңалту командасын басқару құралы. Ол медициналық проблемалармен бірге медициналық емес мамандар (мыс: психолог, логопед) анықтаған басқа проблемалармен қатар қоюға, олардың қызметінің анық және тиімді болуына мүмкіндік береді. Медициналық оңалтудың әр кезеңі пациенттерге мультидисциплинарлық тұрғыдан қарауды қажет етеді. Балаларды оңалтудың ұлттық орталығында реабилитологтар командасына медицина қызметкерлерімен қатар педагог мамандар да енеді. Олар: әдіскер, логопед, психолог, дефектолог, ойын терапеві, музыка терапеві, мектеп мұғалімі, монтессори- педагог, логоритмист, тәрбиеші. Осы орайда педагогтар мен медицина мамандарының тиімді өзара жұмыс істеуі үшін функционалды қызмет ету, тіршілік әрекетінің шектелуі және денсаулық көрсеткіштерінің халықаралық жіктемесі емделушінің барлық қажеттіліктерін сипаттауда негізгі көмек құралы болып табылады.

Мультидисциплинарлы команда құрамындағы педагог мамандар алдын-ала дайындықтан өткен, әдістеме бірлестіктерінің отырысында және жалпы жиналыстарда МКФ мазмұны, құрылымы, ерекшелігі, маңызы туралы ақпараттар алған және ғаламтор және басқа да ақпарат көздерінің көмегімен өздігінен іздену арқылы өз білімдерін жетілдіреді.

**Материалдар мен әдістер:** Бұл бөлімде қолданылатын зерттеу әдістері мен деректерді жинау мен талдау тәсілдері сипатталады. Мысалы, логопедтердің, дефектологтардың, психологтардың, музыкалық терапевттердің және басқа да мамандардың жұмысын қамтитын МКФ көмегімен пациенттерді көпсалалы бағалау жүргізілді. Сабақтастық принципін қолдана отырып, әр домен бойынша бірнеше мамандар бірлесіп жұмыс жүргізуі мүмкін. Мысалы: зейін, жады, ойлау функциялары барлық педагог мамандар үшін маңызды. Сондықтан осы домендерді мультидисциплинарлы команда мүшелері бірлесіп қарастыруы мүмкін. Осы орайда

И.Ю.Левченко мен Н.А. Киселеваның «Дамуында ауытқуы бар балаларды психологиялық зерттеу» бағдарламасы басшылыққа алынады. Жоғары психикалық функцияларды дамытуға арналған дидактикалық материалдар, логикалық ойлау мен есте сақтауды жақсартуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар, ойындар әр сабақта жалғасын тауып отырады. Сондай-ақ, сөйлеу мен тіл дамыту жұмысын жақсартуда О.В.Правдинаның «Логопедиялық гимнастиканы қолдану, артикуляциялық дағдыларды дамыту және автоматтандыру әдістемесі» маңызды роль атқарады.

**Негізгі бөлім.**

Оңалту орталығына түскен пациентті мультидисциплинарлы команда алғашқы 24 сағат ішінде қабылдап, оңалту диагнозын тұжырымдайды. Ол үшін денсаулықтың барлық компонентін және науқастың өмірін шектейтін денсаулыққа қатысты көрсеткіштерді сипаттау мақсатында қолданылатын функционалды қызмет ету, тіршілік әрекетінің шектелуі және денсаулық көрсеткіштерінің халықаралық жіктемесі қолданылады. Оңалту диагнозы медициналық оңалтудың мақсатын, міндеттерін және пациентке арналған жеке бағдарламаны тұжырымдауға, оның тиімділігін, сондай-ақ әрбір маманның қойылған міндеттерді шешуге қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді. Оңалту диагнозында науқастың тек негізгі мәселелері тұжырымдалады және нақ бағалау кезіндегі қимылы анықталады. Сонымен қатар, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, нақты, белгілі уақытқа байланысты мақсат қойылады. Пациентке арналған жеке бағдарламаны тұжырымдауға МКФ-тың әр доменіне жауапты мультидисциплинарлы команда мүшелері тағайындалып, анықталған проблемеларды шешуге арналған әдістемелер анықталады. МКФ домені – бұл өзара байланысты физиологиялық функциялардың, анатомиялық құрылымдардың, әрекеттердің, міндеттер мен өмір сфераларының практикалық және мағыналы жиынтығы. Домен коды – сандар. Педагог мамандар өз салаларына сәйкес мына домендер бойынша жұмыс жасай алады. Сабақтастық принципін қолдана отырып, әр домен бойынша бірнеше мамандар бірлесіп жұмыс жүргізуі мүмкін. Мысалы: зейін, жады, ойлау функциялары барлық педагог мамандар үшін маңызды. Сондықтан осы домендерді мультидисциплинарлы команда мүшелері бірлесіп қарастыруы мүмкін. [2]

*Таблица 1. Педагог-реабилитолог мамандар жұмыс істеуге ұсынылған домендер*

<b>Логопед маманы</b>	
Кодтар	Домендер
b 310	Дауыс функциялары
b 320	Артикуляция функциялары
b 330	Сөйлеу ырғағы мен еркін сөйлеу функциялары Сөйлеудің үздіксіздігі мен жылдамдығын құру функциялары
d 330	Тіл
d 350	Әңгіме
<b>Дефектолог маманы</b>	
Кодтар	Домендер
d 140	Оқу дағдыларын меңгеру
d 145	Жазу дағдыларын меңгеру
d 150	Санау дағдыларын меңгеру
d 815	Мектепке дейінгі білім беру
d 820	Мектептегі білім
<b>Психолог маманы</b>	
Кодтар	Домендер
b 117	Интеллектуалды функциялар
b 126	Темперамент және тұлғалық функциялары
b 140	Зейін функциялары
b 144	Жады функциялары
b 156	Қабылдау, сезіну функциялары
b 160	Ойлау функциялары
d 160	Зейінді шоғырландыру
<b>Ойын терапиясы маманы</b>	
Кодтар	Домендер
d 155	Практикалық дағдыларды меңгеру
d 880	Ойындарға қатысу
d 920	Демалыс және бос уақыт
<b>Музыка терапиясы маманы</b>	
Кодтар	Домендер
b 340	Баламалы дауыс функциялары
d 115	Есту қабілетін пайдалану
d 332	Ән айту

Домендер бойынша бағалау үшін анықтауыштар қолданылады. Анықтауыш – МКФ-тегі денсаулық көрсеткіштерінің сандық бағасы болып табылады. Белсенділік пен іс-әрекетке қатысуды бағалауда 2 анықтауыш қойылады. 1-көмекпен орындау; 2- (капаситет) өздігінен орындау.

Іс-әрекеттің бұзылу мөлшерін белгілеуге арналған ортақ анықтауыш:

- 0 - норма;
- 1 – жеңіл;
- 2 – орташа;
- 3 – ауыр;
- 4 – абсолютті (толық);
- 8 – анықталмаған;
- 9 – қолданылмайды.

Оңалту жоспары (медициналық оңалтудың жеке бағдарламасы) – мультидисциплинарлы команда жүзеге асыратын, бір мақсатқа ие және оңалту шараларының іс-әрекеттері мен уақытының реттелуі бойынша келісілген жеке оңалту шараларының жиынтығы. Онда анықталған мәселені шешуге арналған оңалту технологиясы көрсетіледі және мультидисциплинарлық команданың жауапты қатысушысымен тікелей байланысты [3]. Мысалы: музыка терапиясында- рецептивті не инструментальді терапия; данстерапия т.б.

Төменде Балаларды Оңалтудың Ұлттық орталығында педагог мамандардың К деген пациентке толтырылған командалық бағалаудың үлгісі берілген.

**Пациенттің ФАӘ:** \_\_\_\_\_ **К.** \_\_\_\_\_ **Туған жылы, айы, күні:** \_\_\_\_\_ **6 жас**

**Таблица 2. Командалық бағалау кестесі / МКФ тұрғысынан оңалту диагнозы:**

МДК мүшесі	МКФ коды	МКФ домені	Түскен кездегі баға	Интерпретация	Оңалтудың жеке бағдарламасы	Шығар кездегі бағасы
	<b>b</b>	<b>Функция</b>				
Психолог Дефектолог	b117	Интеллектуалды функциялар	2	Интеллекттің орташа бұзылысы	Жоғары психикалық функцияларды дамытуға арналған дидактикалық материалдар. Логикалық ойлау мен есте сақтауды жақсартуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар. Левченко И.Ю., Киселева Н.А. «Дамуында ауытқуы бар балаларды психологиялық зерттеу» бағдарламасы.	2
Психолог	b126	Темпермент және тұлға функциялары	2	Тұлға функцияларының орташа бұзылуы	Арт-терапия әдістері. Сенсорлық бөлмеде релаксация.	1
Психолог, дефектолог, ойын-терт, музыка	b163	Базалық когнитивтік функциялар	2	Білімді меңгеруде, тапсырмаларды орындауда психикалық әрекеттің орташа бұзылыстары	Жоғары психикалық функцияларды дамытуға арналған дидактикалық материалдар. М.А.Жуковтың ерте даму әдістері (Д) Үстел ойындары (О) Вокалдық терапия (М)	1

коте р-т								
Псих-г Деф-г Ойын тер-т Муз-т	b164	Жоғары деңгейдегі когнитивтік функциялар	2		Абстракция, бақылау, пайымдау, санаттау және когнитивтік икемділіктің орташа бұзылуы	Жоғары психикалық функцияларды дамытуға арналған дидактикалық материалдар. Логикалық ойлауды дамытуға арналған ойындар. Топтық ойындар (О) Би терапиясы (М)	2	
Логопед	b167	Сөйлеудің психикалық функциялары	2		Іске асыру және ықтимал қабілеттіліктің орташа бұзылуы.	О.В.Правдинаның логопедиялық гимнастиканы қолдану және артикуляциялық дағдыларды дамыту және автоматтандыру әдістемесі	2	
	<b>d</b>	<b>Белсенділік пен іс-әрекет. 2 анықтауыш:1-ші анықтауыш – көмекпен орындау; 2-ші анықтауыш (капацитет)-өздігінен орындау.</b>						
Логопед, Дефектолог	d133	Ауызша сөйлеу тілін түсіну	2	2	Білімді меңгеруде, тапсырмаларды орындауда ақыл-ой әрекетінің орташа бұзылуы	Логикалық тапсырмалар (IQ текшелері, смарт лото)	1	2
Дефектолог	d140	Оқудағы дағдыларын меңгерту	2	2	Жүгіртпе және дұрыс оқудағы дағдыларының орташа бұзылуы	Н.С. Жукова «Оқуды үйрену». әдістемесі	1	1
Логопед	d330	Тіл	2	2	Ауызекі сөйлеу тілінің және сөздердің, сөз тіркестерінің айтылуының орташа бұзылуы.	О.В.Правдинаның логопедиялық гимнастиканы қолдану, сонымен қатар артикуляциялық дағдыларды дамыту және автоматтандыру. әдістемесі	1	2
Музыка	d332	Ән айту	1	2	Өздігінен немесе	Вокалотерапия Инструменталды терапия	1	1

ерап евт					топта орындалатын әуен тудыратын, дауыспен дыбыстарды тізбектей шығарудың орташа бұзылуы		
Логопед	d350	Сөйлеу	1	2	Іске асыру және ықтимал қабілеттіліктің орташа бұзылуы.	О.В.Правдинаның логопедиялық гимнастиканы қолдану, сонымен қатар артикуляциялық дағдыларды дамыту және автоматтандыру. әдістемесі	1 1
Ойын терапия	d880	Ойынға қатысуы	2	2	Іске асырудың және ықтимал қабілеттіліктің орташа бұзылуы.	Заттармен, ойыншықтармен, материалдармен немесе ойындармен мақсатты, өнімді әрекеттер	1 1
<b>е</b>	<b>Қоршаған орта факторлары</b>						
ойын тер- т, муз-т	e125	Коммуникациялық құралдар мен технологиялар	-2		Орташа жеңілдететін факторлар	Біріктірілген сабақтар Ертегі терапиясы	+2

Осы кезеңдегі оңалту мақсаты:

1. Ойын терапевті: «Друг-утюг», «Мемо», «Парашют» т.б. топтық ойындар арқылы қарым-қатынасты жақсарту.
2. Психолог: Таным процестерін белсендіру, нейротренажерлер, дамыту ойындарын қолдану арқылы зейінін тұрақтандыру.
3. Логопед: Тілді түсінуді және нұсқауларды орындауды жақсарту, «Сағат», «Әткеншек» т.б. артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындауға үйрету. Сюжетті суреттердің көмегімен фразалық сөйлеуді дамыту.
4. Музыкаотерапевт: «Птичка», «Мамочка моя» және т.б. әндерді айтуға үйрету.
5. Дефектолог: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету, «Үй және жабайы жануарлар», «Менің отбасым» т.б. суреттер бойынша әңгіме құрастыру.

### Нәтижелерді талқылау

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік-педагогикалық оңалтуды диагностикалау және жоспарлау үшін МКФ қолданудың тиімділігін растады. Мысалы, мультидисциплинарлық команда пациенттердің

танымының, коммуникативті дағдыларының және ұтқырлығының жақсарғанын атап өтті. Бұл деректер күтілетін көрсеткіштермен салыстырылды және жеке оңалту бағдарламаларын құруға мүмкіндік беретін белгілі бір МКФ домендері негізінде талданды

#### **Қорытынды.**

- Адам денсаулығы МКФ категориялары арқылы сипатталады: белсенділік функциясы, қатысу (іс-әрекет) функциясы, құрылымдар, қоршаған орта факторлары, және жеке факторлар.
- Мультидисциплинарлы командадағы маманға қойылған міндеттер МКФ санаттары бойынша анықталған проблемалар негізінде белгіленеді.
- Оңалту диагнозы, жұмыс мақсаты, жоспары МКФ көмегімен, мультидисциплинарлы команда шешімімен анықталады.
- МКФ пайдалану науқасты комплексті түрде қарастыруға және оңалту шаралары бойынша мақсатты тұжырымдауға мүмкіндік береді.
- Медициналық оңалту саласында қызмет атқаратын реабилитолог-педагог мамандарды МКФ бойынша оқыту, білімін жетілдіру қажет.

**Мүдделер қақтығысы:** автор ықтимал мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Международная классификация функционирования, ограничений жизнедеятельности и здоровья (полная версия) / под ред. Г.Д. Шостка, М.В. Коробова, А.В. Шаброва., 2003. С 8-11.

2. Клинико-функциональная характеристика церебрального паралича с использованием принципов международной классификации функционирования, ограничений жизнедеятельности и здоровья (МКФ). Дарибаев Ж.Р. Журнал «Kazakh Journal of Physical Medicine & Rehabilitation» №2, 2020. С 22-26.

3. Использование международной классификации функционирования (МКФ) в амбулаторной и стационарной медицинской реабилитации: инструкция для специалистов. Мельникова Е.В., Буйлова Т.В., Бодрова Р.А., Шмонин А.А., Мальцева М.Н., Иванова Г.Е. «Вестник Восстановительной медицины», № 6 (82) 2017.С 11-14.

УДК 615.83/84:616-036.86 (262.81)

## **КАСПИЙ ТЕҢІЗІНДЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕКЛИМАТОТЕРАПИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ**

**Есенеев О.Б**

Дәрігер-реабилитолог, МВА, «Центр» ЖШС медициналық директоры Аксон МЕД Ақтау қ.,  
Қазақстан Республикасы

#### **Түйіндеме**

Бұл мақалада Қазақстанның Ақтау қаласындағы Каспий теңізінің жағалауында климатотерапия жағдайында жүректің ишемиялық ауруы және өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСОА) бар пациентті сәтті оңалтудың клиникалық жағдайы сипатталған. Науқаста төс сүйегінің артында қысымды ауырсыну, енгізу және ауаның жетіспеушілігі сезімі пайда болды, бұл ең аз физикалық белсенділікпен қатар жүретін аурулармен қиындады және маммарокоронарлық айналып өтті Кешенді оңалту бағдарламасына антиоксидантты ингаляция, тыныс алу жаттығулары, Солтүстік серуендеу, терранкурт және жағалаудағы климаттық терапия кірді. Емдеу аясында енгізуді азайту, физикалық белсенділікке төзімділікті арттыру және спирометрия көрсеткіштерін жақсарту түріндегі оң динамика байқалды. Климаттық терапия элементтерімен үш жылдық тұрақты емдеуден кейін пациент физикалық жағдайдың тұрақты жақсарғанын және өршудің болмауын көрсетті. Бұл жағдай жүрек-өкпе патологиясы бар науқастарды оңалтуда Климаттық терапияның маңыздылығын, сондай-ақ осы әдістің тиімділігін ғылыми негіздеу үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** климатотерапия, жүректің ишемиялық ауруы, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, оңалту, дене белсенділігі, Ақтау

## **ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ КЛИМАТОТЕРАПЕВТИЧЕСКИХ ИНСТРУМЕНТОВ В РЕАБИЛИТАЦИИ В АКВАТОРИИ КАСПИЙСКОГО МОРЯ**